ҰТЫС ОЙЫНЫНА ҚАТЫСУДЫҢ РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРІ

British Council Kazakhstan «Оқу жоспарларың биікке самғауы мүмкін!» науқаны

1. Ұйымдастырушы

Ұтыс ойынын ұйымдастырушы: British Council Kazakhstan (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы»).

Науқанның ресми серіктесі және жүлделік әуе билеттерін ұсынушы: Air Astana (бұдан әрі – «Серіктес»).

Қатысу мәселелері бойынша байланыс: info@kz.britishcouncil.org.

2. Өткізу мерзімі

Науқан 2026 жылғы 15 қарашадан 15 желтоқсанға дейінгі кезеңде, екі күнді қоса алғанда, өткізіледі (бұдан әрі – «Науқан кезеңі»).

Өтінімдер 2026 жылғы 15 желтоқсан күні Астана уақытымен сағат 23:59-ға дейін қабылданады.

Ұтыс ойыны 2026 жылғы 25 желтоқсанда өтеді. Ұйымдастырушы нәтижелерді British Council Kazakhstan ресми арналары арқылы хабарлайды.

3. Жүлде

Жүлде – Air Astana ұсынатын Алматы–Лондон–Алматы бағыты бойынша барып-қайтуға арналған екі әуе билеті: біреуі жеңімпазға, екіншісі онымен бірге баратын адамға. Жүлденің ақшалай баламасы төленбейді.

Осы Ережелердің 8-бөлімінде көрсетілген Air Astana сертификатының/билеттерінің шарттары қолданылады. Бұл шарттар ұтыс жеңімпазымен бірге баратын адамға екінші билетті рәсімдеуге де қолданылады.

4. Қатысу талаптары

Ұтыс ойынына төмендегі талаптардың барлығына бір мезгілде сәйкес келетін тұлғалар қатыса алады:

- Қазақстан Республикасының азаматы болуы немесе Қазақстан Республикасында тұруға жарамды ықтиярхаты болуы;
- Науқан кезеңінде Қазақстандағы British Council арқылы IELTS емтиханына тіркеліп, оның ақысын төлеуі;
- науқан парақшасында орналастырылған арнайы қатысу формасын толтыруы;
- дұрыс мәліметтер ұсынуы және осы Ережелермен, сондай-ақ дербес деректерді өңдеудің қолданылатын шарттарымен келісуі.

Қатысушы IELTS емтиханының кез келген қолжетімді күнін, соның ішінде Науқан кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнді таңдай алады. Қатысу үшін IELTS емтиханына тіркелу де, төлем жасау да Науқан кезеңінде жүзеге асырылуы тиіс.

2026 жылғы 15 қарашаға дейін рәсімделген IELTS тіркеулері осы ұтыс ойынына қатысу құқығын бермейді.

British Council және Air Astana қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын отбасы мүшелері ұтыс ойынына қатыса алмайды.

5. Қатысу тәртібі

Қатысу үшін төмендегі әрекеттерді орындау қажет:

- 2026 жылғы 15 қараша мен 15 желтоқсан аралығында, екі күнді қоса алғанда, British Council Kazakhstan арқылы IELTS емтиханына тіркеліп, ақысын төлеу;
- науқан парақшасына өтіп, өтінім қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін арнайы қатысу формасын толтыру;
- дұрыс байланыс деректерін және IELTS тіркеуін тексеруге қажетті мәліметтерді көрсету;
- қатысу талаптарына сәйкестігін растау.

Жоғарыда аталған талаптардың кез келгені орындалмаса, өтінім жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Әр адам ұтыс ойынына тек бір өтінім бере алады. Бір қатысушының бірнеше өтінім беруі ұту мүмкіндігін арттырмайды; қайталанған өтінімдер анықталған жағдайда Ұйымдастырушы бір жарамды өтінімді ғана қалдыруға құқылы.

6. Жеңімпазды анықтау және хабардар ету

Осы Ережелерге сәйкес келетін өтінімдердің арасынан бір жеңімпаз кездейсоқ тәсілмен таңдалады. Ұтыс ойыны нотариустың қатысуымен өткізіледі.

Жеңімпаз 2026 жылғы 25 желтоқсанда анықталады.

Ұйымдастырушы жеңімпазға қатысу формасында көрсетілген байланыс деректері арқылы хабарлап, нәтижелерді British Council Kazakhstan ресми арналары арқылы жариялайды. Жеңімпаз Ұйымдастырушы өтінімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына немесе телефон нөміріне хабарлама жіберген сәттен бастап 48 сағат ішінде жауап хабарлама жолдап, жүлдені қабылдайтынын растауы тиіс. Растағаннан кейін жеңімпаз жүлдені алуға құқығын тексеру және билеттерді рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды Ұйымдастырушы белгілеген мерзімде ұсынады.

Егер жеңімпаз көрсетілген 48 сағат ішінде жүлдені қабылдайтынын растамаса, қатысу талаптарына сәйкес келмесе немесе қажетті құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаса, Ұйымдастырушы оны жүлдеге құқығынан айырылды деп танып, қайта ұтыс ойынын жариялауға құқылы. Қайта ұтыс ойыны осы Ережелерге сәйкес келетін қалған қатысушылар арасында нотариустың қатысуымен кездейсоқ тәсілмен өткізіледі. Жаңа жеңімпазға дәл сол тәртіппен хабарланады және ол хабарлама жіберілген сәттен бастап 48 сағат ішінде жүлдені қабылдайтынын растауы тиіс. Қажет болған жағдайда бұл рәсім қайталанады.

7. Тексеру және қатысудан шеттету

Ұйымдастырушы қатысушылар ұсынған мәліметтерді, соның ішінде IELTS емтиханына тіркелу және төлем жасау фактілерін, сондай-ақ қатысу талаптарына сәйкестікті тексеруге құқылы.

Егер өтінімде жалған мәліметтер болса, ол Ережелерді бұза отырып берілсе, қайталанса немесе қатысушы науқан талаптарына сәйкес келмесе, Ұйымдастырушы өтінімді жарамсыз деп тануға құқылы.

Өтінімдерді тексеруге қатысты шешімдерді Ұйымдастырушы осы Ережелер мен қолданылатын заңнамаға сәйкес адал ниетпен қабылдайды.

8. Air Astana сертификатының/билеттерінің шарттары

Науқан Серіктесі ұсынатын жүлдеге төмендегі шарттар қолданылады:

- Сертификат British Council науқаны қорытындысы бойынша ұтыс жеңімпазының атына рәсімделеді; сертификаттың берілген күні ұтыс ойыны өткізілген күнге (2026 жылғы 25

желтоқсан) сәйкес келеді. Жүлдеге екі әуе билеті кіреді: жеңімпазға және онымен бірге баратын бір адамға.

- Сертификат тек Air Astana компаниясының Алматы–Лондон–Алматы бағыты бойынша рейстеріне жарамды және 2027 жылғы 25 желтоқсанға дейін пайдаланылуы тиіс.
- Сертификатты жоғары маусым кезеңдерінде пайдалануға болмайды: 15 желтоқсаннан 15 қаңтарға дейін және 15 наурыздан 15 сәуірге дейін.
- Билетті рәсімдеу туралы сұрау, сертификат пен паспорт көшірмелері, сондай-ақ рейстің күні мен нөмірі ұшуға кемінде 3 апта қалғанда marketing@airastana.com мекенжайына жіберілуі тиіс.
- Сертификаттың қолданылу мерзімін ұзартуға болмайды.
- Сертификаттың ақшалай құны жоқ, оны коммерциялық мақсатта пайдалануға болмайды және билеттерді рәсімдеу үшін оны тек жеңімпаз ғана ұсына алады. Екінші билет жеңімпаз көрсеткен бірге баратын адамның атына рәсімделеді.
- Екі әуе билетіне қатысты барлық салықтар мен алымдарды ұтыс жеңімпазы төлейді.
- Рәсімделген билеттерді басқа күндерге қайта брондауға болмайды.
- Ұтыс сертификатының сканерленген көшірмесі ұсынылмаса, Air Astana билет рәсімдеуден бас тартуға құқылы.
- Сертификатты басқа адамға беруге, сыйлауға немесе басқа адамның атына қайта рәсімдеуге болмайды.
- Билет белгіленген жарамдылық мерзімі ішінде рәсімделіп, пайдаланылуы тиіс. Пайдаланылмаған билет өтемақысыз жойылады.
- Көрсетілген шарттар сақталмаса, Air Astana билет рәсімдеуден бас тартуға құқылы.

Түсіндірме: сертификатты беруге тыйым салу жүлдеге құқық тек жеңімпазға тиесілі екенін және оны басқа адамға беруге болмайтынын білдіреді. Сонымен қатар Air Astana екінші билетті бірге баратын адамға рәсімдеуге рұқсат береді. Екі билеттің барлық салықтары мен алымдарын жеңімпаз төлейді.

9. Дербес деректер

Қатысушылардың дербес деректерін Ұйымдастырушы науқанды басқару, өтінімдерді тексеру, жеңімпазды анықтау және хабардар ету, сондай-ақ жүлдені табыстауды ұйымдастыру мақсатында өңдейді. Деректерді өңдеу қолданылатын заңнамаға және British Council құпиялық туралы хабарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қатысушы құпиялық туралы хабарламамен танысып, қатысу формасында қажетті келісімдерді беруі тиіс.

10. Фото-, бейнематериалдар және жеңімпаздың тарихы

Ұтыс ойынына қатысу арқылы қатысушы науқан аясында фото- және бейнетүсірілімге, сондай-ақ British Council компаниясының қатысушы бейнеленген немесе оның дауысы не айтқан сөздері арқылы жеке басын анықтауға болатын фото- және бейнематериалдарды науқан қорытындылары мен жүлдені табыстауды жариялау мақсатында пайдалануына келісімін растайды.

Жеңімпаз өзінің IELTS тапсыруға шешім қабылдау себептері, оқу және кәсіби мақсаттары туралы ақпарат беріп, жеңімпаз тарихын дайындауға орынды көлемде қатысуға, сондай-ақ сапар кезінде фото- және бейнетүсірілімге қатысуға, оның ішінде ұшу және баратын жерінде болу сәттерінің кадрларын ұсынуға келіседі.

Жеңімпаздың тарихы мен аталған материалдарды British Council науқан аяқталғаннан кейінгі коммуникациялық және ақпараттық материалдарда, соның ішінде веб-сайтында, әлеуметтік

желілерінде және басқа ресми арналарында қосымша сыйақы төлемей пайдалана алады. Пайдалану қолданылатын заңнама мен British Council құпиялық туралы хабарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Жалпы ережелер

Ұтыс ойынына қатысу қатысушының осы Ережелермен келісетінін білдіреді.

Жүлде ақшалай баламаға айырбасталмайды. Сертификат шектеулеріне, қолжетімді рейстердің болмауына, қатысушының құжаттарына немесе Air Astana шарттарының сақталмауына байланысты жүлдені пайдалану мүмкін болмаса, Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

Ұйымдастырушы қолданылатын заңнама рұқсат еткен жағдайларда науқан парақшасында жаңартылған нұсқасын жариялау арқылы осы Ережелерге өзгерістер енгізуге құқылы. Егер заңда өзгеше талап етілмесе, елеулі өзгерістер талаптарды орындап қойған қатысушылардың құқықтарын нашарлатпауы тиіс.

Осы Ережелерге Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасы қолданылады. Егер қандай да бір ереже жарамсыз деп танылса, қалған ережелер күшінде қалады.